

Қамқоршылық кеңесінің № 4 хаттамасы
«№2 Қарауылкелді орта мектебі» КММ

Қарауылкелді ауылы
(ауыл)

27.12.2023
(күні, айы)

Өткізілген уақыты: 11:00

Өткізілген орны: №2 Қарауылкелді орта мектебінің, Акт зал

Қатысқандар (ҚК құрамы)

1. Спанова Айнаш – қамқоршылық кеңес төрайымы, ата -ана
2. Балабаев Есентай – қамқоршылық кеңесінің мүшесі, ата -ана
3. Акимова Шынар - қамқоршылық кеңесінің мүшесі, ата -ана
4. Мунайтпасова Батима - қамқоршылық кеңесінің мүшесі, ардагер ұстаз
5. Болева Жансая - қамқоршылық кеңесінің мүшесі, ата –ана
6. Арипов Айбек- қамқоршылық кеңесінің мүшесі, ата –ана
7. Айсағалиева Бейбіткүл- қамқоршылық кеңесінің мүшесі, ата –ана

Күн тәртібінде:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстардың алдын алу
2. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмысын қорытындылау

Тыңдалды: Тәрбие орынбасары Меңдеш Гүлзира : № 2 Қарауылкелді орта мектебінің кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау және олардың арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Оқу жылының басында құқықбұзушылықтың алдын – алу мақсаты бойынша 31.08.2023 жылғы №68 бұйрығымен мектепшілік комиссия құрылып, жылдық жоспар жасакталды. 2015 жылғы 29 желтоқсандағы ҚР ПМ № 1098 бұйрығымен ПБ-ның кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы ережеге сәйкес Байғанин ауданы ПБ-мен бірлескен жұмыс жоспары құрылды.

Жоспарға сәйкес қыркүйек айында «жағдайсыз жаңу» есебіне алынған отбасылармен және отбасындағы балаларды анықтап, мәліметтер базасы құрылды. Оқу жылының басында «жағдайсыз жаңу» отбасы саны 4, ондағы оқушы саны 11 оқушы болып тіркелді. Аталған отбасылардың үй – жайына барып тұрмыстық акт жасалды. Полиция бөлімінің есебіне алынған қолайсыз отбасыларды бақылау үшін мобильді топ құрылды. Жұмыс жоспары жасакталды. Жоспарға сәйкес I оқу тоқсанында «Әкеге құрмет, анаға ізет» тақырыбында тәрбие сағаты, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Спорт – денсаулық кепілі» тақырыбында үстел теннисінен жарыс, «Болашақ тәрбиеден басталады» атты ата – аналар жиналысы ұйымдастырылды. Тізімге алынған отбасылардың барлығы жалпыға бірдей білім беру қорынан қаржылай көмек берілді.

Оқушылардың барлығы мектеп жанындағы ыстық тамақпен қамтылып отыр. Жаңа жылдық әкім шыршасына қатысып, мерекелік сыйлықтармен қамтамасыз етілді. Сонымен бірге мектеп жанынан 4 класс оқушысы Наурызова Кәусарға қыстық аяқ киім (етік) алып берілді.

II оқу тоқсанында «Жасөспірім» жедел профилактикалық іс – шарасына мектеп ұстаздары мен ата – аналар бірлесе қатысты. Адам құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттерін қалыптастыру мақсатында «Бала құқығы – асыл қазына» тақырыбында эссе байқауы, «Құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет» тақырыбында ұлдар жиналысы өткізілді. Сонымен қатар, «Құқықтық тәртіп» жедел профилактикалық іс – шарасына да мектеп ұстаздары мен ата- аналар белсене қатысты. Оқушылардың бойында ғасыр дерті болып саналатын зиянды әдеттер – темекі шегу, есірткі заттарды пайдаланудың алдын алу мақсатында «Нашақорлық – ғасыр дерті» тақырыбында түсіндірме жұмыстары өткізілді. Оқушылар арасында бопсалау, жәбірленушіліктің алдын алу мақсатында мектеп психологі, әлеуметтік педагогтің қатысуымен оқушылардан сауалнама алып, әр түрлі бағытта зерттелді. Сауалнама нәтижесінде бопсалау, жәбір көру фактілері анықталмады.

«Зорлық- зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы аясында 9-11 сынып оқушылары арасында аудандық аурухананың жасөспірімдер дәрігері Ж.Керева, салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы Г.Есказинаның қатысуымен «Сен жалғыз емессің атты семинар тренинг өткізілді.

II оқу тоқсанының соңында «жағдайсыз жаңу» отбасыларына Байғанин аудандық ПБ бірлеіп зерттеу жүргізіліп, отбасылардың қалыпты жағдайына байланысты есептен 4 отбасы да алынды.

2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығы бойынша полиция бөлімінің есебінде, мектепшілік есепте тұрған оқушылар жоқ.

Өгей әкемен тұратын оқушылар саны 10, 4 отбасыдан.

Аманқұлов Миржан 10-сыныпта , Орынбасар Аружан 7- сыныпта, Орынбасар Сұлтан Бейбарыс 1-сыныпта оқиды. С.Жиенбаев 8 көшесінде тұрады. Өгей әкесі Бекболаев Максат – вахталық жұмыста жасайды. Анасы Аманқұлова Лаура – бала күтімімен үйде. Әлеуметтік жағдайы жақсы,көп балалы отбасылар санатына жатады. Балалары сабақтан себепсіз қалмайды,тәртіптері жақсы. Сабақ үлгерімдері орташа. Отбасында 6 бала бар.Ата-аналары мектеппен үнемі тығыз байланыста. Жалпыға білім беру қорынан қаржылай көмек алды. Тегін ыстық тамақ пен тегін оқулықпен қамтылды.Мектептің әлеуметтік педагогы,мектеп психологы және класс жетекшілері үнемі үйлеріне барып қадағалап отырамыз. Қожахметова Жазира 5сынып, Олжасұлы Әмір 1сынып оқиды. Өгей әкесі Көрпебаев Ерболат –вахталық жұмыста. Анасы Қожахметова Жазира- бала күтімімен үйде . Әлеуметтік жағдайы жақсы,көп балалы отбасылар санатына жатады. Балалары сабақтан себепсіз қалмайды,тәртіптері жақсы. Сабақ үлгерімдері орташа. Отбасында 4 бала бар.Ата-аналары мектеппен үнемі тығыз байланыста. Жалпыға білім беру қорынан қаржылай көмек алды. Тегін ыстық тамақ пен тегін оқулықпен қамтылды.Мектептің әлеуметтік педагогы,мектеп психологы және класс жетекшілері үнемі үйлеріне барып қадағалап отырамыз.Есен Айзере 3сынып, Нуркубаев Алинур 5сынып оқиды. Өгей әкесі Көшекбаев Қайрат- ТЖ бөлімінде қызметкер. Анасы Нуркубаева Анар- бала күтімімен үйде. Әлеуметтік жағдайы жақсы. Қызметтен берілген уақытта үй. Балалары сабақтан себепсіз қалмайды,тәртіптері жақсы. Сабақ үлгерімдері орташа. Отбасында 3 бала бар.Ата-аналары мектеппен үнемі тығыз байланыста. Мектептің әлеуметтік педагогы,мектеп психологы және класс жетекшілері үнемі үйлеріне барып қадағалап отырамыз.Мустафин Алихан 5сынып, Мұстафина Назерке 5сынып,Мұстафин Ернұр 4сынып оқиды. Өгей әкесі Онгарбаев Ерлан- жұмыссыз. Анасы Мустафина Кенжегул- жұмыссыз. Әлеуметтік жағдайы орташа. Нағашы әжесінің үйінде тұрады. Балалары сабақтан себепсіз қалмайды,тәртіптері жақсы. Сабақ үлгерімдері орташа. Отбасында 6 бала бар.Ата-аналары мектеппен үнемі тығыз байланыста. Мектептің әлеуметтік педагогы,мектеп психологы және класс жетекшілері үнемі үйлеріне барып қадағалап отырамыз. Нуркубаев Әлинұр қараша айында мүгедектер күні ауданымыздың кәсіпкерлерінің ұйымдастыруымен Тоғжан кафесіне мерекелік кешке барды.

13.11.2023ж мектебімізде қыз балаларға арналған «Қызым,сен тыңда!»атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Кешімізге «Алтын алқа» «Күміс алқа» және де көп балалы аналар қатысты. Сол ата-аналар қатарынан өгей әкемен тұратын Миржан,Аружан,Сұлтан Бейбарыстың аналары белсене қатысты.

19.11.2023ж «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында, «Мен еріктімін» акциясы өтті. Акцияға мектебіміздің жанынан құрылған «Қоғамға қызмет» еріктер тобымен бірлесіп аулымыздың қариялардың үйлеріне барып көмектерін көрсетті. Мақсаты: қарияларға көмек көрсету,еңбек ету қажеттілігін,әр түрлі еңбек қызмет түрлеріне,үй шаруасындағы міндеттерге саналы жауапкершілікті және шығармашылық қатынасты қалыптастыру. Аталған шараға өгей әкемен тұратын оқушыларымыз қатысты.

24.11.2023ж мектебімізде өзін-өзі басқару парламентінің «Қамқорлық» фракция жетекшісімен бірлесе отырып «Қайырымдылық жәрменкесі» өтті. Жәрменкеге 4сынып оқушылары қатысты. Осы сыныпта оқитын Мұстафин Ернұрда белсене қуана қатысты.Мақсаты: оқушылардың бойында қамқорлық сезімдерін ояту,игі істер жасауға дағландыру. Оқушыларды бір-біріне көмек беруге және бірлесіп жұмыс жасауға үйрету. Түскен қаражатқа аз қамтылған отбасы баласына қыстық куртқа алынып берілді.

Ауданымыздан президент шыршасына оқушылар барған оқушылардың қатарында мектебімізден өгей әкемен тұратын инклюзив оқушы Нуркубаев Әлинұр қатысып,қаржылай сыйлық алды. Сонымен қатар « Ғажайыптар әлеміндегі Жаңа жыл» ауданымыздың әкім шыршасына мектебімізден 15 оқушы барды. Олардың қатарында өгей әкемен тұратын Қожахметова Жұлдыз,Орынбасар Аружанда барды.

№2 Қарауылкелді орта мектебінде ААҚҚ бір отбасынан екі оқушы бар. Олар 3 сынып оқушысы Әділханов Ернар мен 8 сынып оқушысы Адилханов Исламбек.

2023-2024 оқу жылында жалпыға білім беру қорынан Ернар мен Исламбекке мектеп формасы мен оқу құралдарын алуға 40567 теңгеден екі оқушыға 81134тенге қаржылай көмек көрсетілді. Оқушылар мектепте тегін ыстық тамақпен және тегін оқулықпен қамтылды. Ернар жазғы демалыс кезінде мектепшілік «Ынтымақ» лагерьмен қамтылып, Исламбек «Ауыл КЭМП»лагерьмен қамтылды. Ернар мектепшілік шахмат үйірмесіне қатысады. Исламбек балалар спорт мектебіне дзюдо күресіне қатысады, осы жылы 2010-2012 жылғы кіші жасөспірімдер арасында дәстүрлі «Амантурлиевтер отбасы» облыстық турниріне қатысып ІІ орын алды. 29- қазан Қамқоршылар күніне орай Ернар мен Исламбектің қамқоршысы Мамаев Берікті құттықтап алғыс білдіру мақсатына мектеп ұжымы атынан сыйлық берілді. « Ғажайыптар әлеміндегі Жаңа жыл» атты ауданымыздың әкім шыршасына Исламбекте қатысып, жаңа жылдық сыйлықпен қамтылды. Сонымен қатар аудандық білім бөлімінен демеушілікпен мектебіміздің 21 оқушысына жаңа жылдық сыйлық берілген болатын,солардың қатарында Ернарға да сыйлық табысталды. Оқушылардың денсаулықтары жақсы,тұрмыстық жағдайлары жақсы,өздерінің бөлмелері бар, үйлері гигиеналық талапқа сай,тұрмысқа керекті жабдықтар бар. Оқушылармен олардың қамқоршысымен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологы,әлеуметтік педагог,сынып жетекшілері тығыз байланыста.

Оқушылар арасында құқықбұзушылықты болдырмау және оның алдын алу мақсатында іс – шаралар алдағы уақытта да жоспарға сәйкес жүйелі атқарылып отыратын болады.

Тыңдалды: 2-мәселе бойынша Спанова Айнаш – қамқоршылық кеңес төрайымы 2023 жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Жоспарға сәйкес күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралғанын айтты.

Қаулы:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстардың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар он деп бағалансын.
3. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмысы қорытындыланып, еске алынсын.

Төрайымы : Спанова А / Спанова /
(АТӘ/ қолы

Балабаев Е / Балабаев /
(АТӘ/ қолы

Акимова Ш / Акимова /
(АТӘ/ қолы

Мунайтпасова Б / Мунайтпасова /
(АТӘ/ қолы

Болекова Ж / Болекова /
(АТӘ/ қолы

Арипов А- / Арипов /
(АТӘ/

Айсағалиева Б / Айсағалиева /
(АТӘ/